

**«БЕКІТЕМІН»**

**Астана қаласы әкімдігінің**

**«Әдістемелік орталығы»**

**МККҚ басшысының м.а.**

**С. Дауешова**

**2023 ж.**



**«САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ДҰРЫС  
ТАМАҚТАНУ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ  
ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТЕТІН ӘДІСТЕМЕЛЕР ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ  
ЕРЕЖЕСІ**

Байқау ұйымдастырушылары: Астана қ. «Әдістемелік орталығы» МККҚ.

**1. Жалпы ережелер**

«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын іске асырудағы «Әдістемелер» байқауының (бұдан әрі-Байқау) осы Ережесі Байқаудың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды, Байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін белгілейді.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

**2.1. Байқаудың мақсаты:**

Ұлттық мәдениет пен әдет-ғұрыптарға қызығушылықты қалыптастыруымен, аспаздық дәстүрлерді зерттеуді үйрету мен сақтауға дайын болуға тәрбиелеу бойынша үздік педагогикалық тәжірибелерді дәріптеу және насихаттау арқылы «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасының әдістемелік компонентін жетілдіру.

**2.2. Байқаудың міндеттері:**

- Бағдарламаны жүзеге асырудың тиімді нысандары мен әдістерін анықтау.
- Ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ескере отырып, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруда оқушыларды пайдалы әдеттерге тәрбиелеуге педагогтердің, ата-аналардың қызығушылығын арттыру.
- Өскелең ұрпақтың денсаулық мәдениеті негіздерін қалыптастырумен байланысты ең қызықты әдістемелік идеяларды насихаттау, тиімді педагогикалық тәжірибені тарату.

### 3. Қатысушылар

3.1. Байқауға «Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін бастауыш сынып мұғалімдері қатыса алады.

### 4. Байқаудың шарттары

4.1. Байқау 2 кезеңнен тұрады: 1- іріктеу (сырттай), іріктеуден өткен жұмыстар 2 кезеңге өтеді (бетпе-бет). 2 кезеңде болады: визит картасы – 5 мин., авторлық әдістемені таныстыру – 7-10 мин.

4.2. Байқауға «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын жүзеге асыруда заманауи жаңа әдістер мен тәсілдер сипатталған материалдар қабылданады.

4.3. Ұсынылған жұмыстың мазмұны «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік жинағында ұсынылған кез келген тақырыпты аша алады.

### 5. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

5.1. Байқау материалдары авторлық әзірлемелер және «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасының мазмұнды компонентін жүзеге асырудың жаңа нұсқасы болып табылады.

5.2. Байқау әзірлемесінің мазмұны «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасының шеңберінен шықпауға тиіс. Дұрыс тамақтану тақырыбына байланысты басқа бағдарламаларға қатысты әдістемелік әзірлемелер байқауға қабылданбайды.

5.3. Байқау материалында басқа авторлардың идеялары мен мәтіндерін пайдаланған жағдайда ақпарат көзіне сілтеме қажет.

5.4. Автор ұсынған әдістемелік идеяны басқа педагогтердің тәжірибесінде қолдануға болады.

### 6. Байқаудың өткізу тәртібі

6.1. 2023 жылғы 01 наурызға дейін «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын жүзеге асырудағы «Әдістемелер» байқауының мектепшілік кезеңі өткізіледі, жеңімпаз қалалық кезеңге жолдама алады.

6.2. Қалалық байқаудың 1 іріктеу кезеңі 2023 жылғы 13-20 наурыз аралығында, 2 кезеңі 30 наурызға дейін өтеді (Өткізілетін орны мен уақыты қосымша хабарланады).

6.3. Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды жіберу қажет:

- [innovationmodern2021@gmail.com](mailto:innovationmodern2021@gmail.com) электронды мекен жайына 2023 жылғы 01-10 наурыз аралығында қатысушының байқау шарттарымен танысқандығы туралы, қатысуға өтінімді (1-қосымша), байқау материалдарын. Байланыс телефоны: 87788472747, Шаяханова Роза Ақпановна. Белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған өтінімдер мен материалдар қаралмайды;

6.4. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары республикалық кезеңіне қатысу үшін жолдама алады. Республикалық кезеңі 2023 жылғы сәуірде өткізіледі.

6.5. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпазы 15 сәуір мен 10 мамыр аралығында «Салауатты ұрпақты тәрбиелейміз» атты жыл сайынғы конференция аясында Мәскеу қаласында өтетін байқаудың халықаралық кезеңіне қатысуға шақырылады.

## 7. Байқау материалдарына қойылатын талаптар

7.1. Жұмыс міндетті түрде ұсынылған талаптарға сай болуы шарт.

7.2. Байқаудың жұмысы «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасы жүйесінің толық сипаттамасының қамтылуы және нақты әдістемелік мысалдарды қамтуы тиіс.

7.3. Байқаудың жұмыс көлемі Word форматында, 12 қаріппен, 1,5 интервал арқылы машинкамен басылған мәтінмен жазылған 15 (он бес) беттен аспауы және иллюстрациялық материалдардың болмауы тиіс.

7.4. Байқаудың жұмыс құрылымы берілген нысанмен айқындалады (2-қосымша) және оған келесілер кіреді:

7.4.1. Титулдық бет: байқау жұмысының атауы; автор туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты; білім беру ұйымдарының атауы; лауазымы; мекенжайы (жұмыс) және байланыс телефоны; «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасындағы жұмыс өтілі.

7.4.2. 1 - парақ: бағдарлама бөлігінің авторы пайдаланатын; әзірленген бағдарлама тақырыбы; байқауға қатысатын оқушылардың жасы; байқауға ұсынылған жұмыстың ұйымдастыру нысаны (нысандары) - жоба, байқау, ойын және т.б.; байқауға ұсынылған жұмыстың іске асырылған қызмет бағыттары (сыныптан тыс жұмыс, оқу қызметі, мектептен тыс жұмыс); білім беру және тәрбие міндеттері; байқауға ұсынылған жұмыстың жаңалығы мен өзектілігін сипаттау.

7.4.3. 2-12-парақтар: байқауға ұсынылған жұмыстың сипаттамасы: іс-шараның немесе іс-шаралар жүйесінің мазмұны, іске асыру технологиясы: дайындау, орындау кезеңдері, қорытынды шығару.

7.4.4. 13-парақ: байқау жұмысының іске асырылуында ата-аналардың қатысуының сипаттамасы.

7.4.5. 14-парақ: байқауға ұсынылған жұмыстың тиімділігін бағалау.

7.4.6. 15-парақ: пайдаланылған қосымша ақпарат көздерінің тізімі.

7.5. Байқау жұмысы қосымшаларды қамтуы мүмкін. Қосымшаның көлемі шектелмейді. Қосымшада иллюстрациялық материалдар берілуі мүмкін: фотосуреттер, суреттер және т. б.

## 8. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

Байқауға ұсынылған жұмыстар келесі критерийлер бойынша бағаланады:

**8.1. «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасы бойынша тақырыптық сәйкестік»:**

- сәйкес келеді (бағдарламаның қандай бөлігі, байқау жұмысы қандай тақырыптарды қамтыды) - 1 ұпай;
- сәйкес келмейді-0 ұпай, ұсынылған жұмыс талаптарға сай емес, байқаудан шығарылады.

**8.2. Жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі**

- әдістеме бағдарламаны іске асырудың жаңа нұсқасын ұсынады (нұсқаның қысқаша сипаттамасы келтірілген) - 1 ұпай;
- бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материалды әзірлеу ұсынылады (дидактикалық материалдың қысқаша сипаттамасы келтірілген) - 2 ұпай;

- бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материалды әзірлеу ұсынылады (дидактикалық материалдың қысқаша сипаттамасы келтірілген) - 2 ұпай;
- ойындардың, тапсырмалардың, өлең мәтіндерінің, әндердің және т.б. авторлық әзірлемелері бар (бірнеше мысал келтірілген) - 3 ұпай.

### **8.3. Методологиясы**

- әдістеме (негіздеме) бағдарланған атаулы аудиторияның жас ерекшеліктерін ескереді- 1 ұпай;
- әдістемені жүзеге асыру үшін білім беру үдерісіне қатысушылардың белсенді өзара іс - қимылын қамтамасыз ететін заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану ұсынылады-2 ұпай;
- әдістеменің тиімділігін бағалау механизмі ұсынылған және пайдаланылған әдістеменің нәтижелілігін растайтын зерттеу жүргізілді-3 ұпай.

### **8.4.Технологиялығы**

- ұсынылған әдістеме мақсаттардың сипаттамасын, оларды іске асыру кезеңдерінің реттілігін, тиімділікті бағалау тәсілдерін қамтиды, бұл әдістемені басқа педагогтардың жұмыс тәжірибесінде пайдалануға мүмкіндік береді-1 ұпай;
- ұсынылған әдістеме әр түрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінің жұмысына кіріктірілуі мүмкін –2 ұпай;
- ұсынылған әдістеме әр түрлі білім беру салаларына кіріктірілуі мүмкін-3 ұпай.

### **8.5. Тиімділігі**

- ұсынылған әдістемені қолдану отбасындағы, мектептегі балалардың тамақтануын ұйымдастырудың өзгеруіне әсер етті (растайтын деректер) - 1 ұпай;
- ұсынылған әдістемені пайдалану балалардың өз тамағына қатысты мінез-құлқында нақты өзгерістер тудырды: олар тамақтану режимін сақтай бастады, гигиена ережелерін сақтауды дербес бақылай бастады, денсаулыққа пайдалы өнімдерді таңдауға басымшылық бере бастады (тестілеу, сауалнама және т. б. нәтижелерімен расталуы керек) – 2 ұпай;
- ұсынылған әдістемені пайдалану балалардың дұрыс тамақтану ережелері туралы хабардарлығын арттыруға мүмкіндік берді (растайтын деректер) және ата-аналардың белсенді қатысуы - ұсынылған әдістеменің негізгі компоненттерінің бірі-3 ұпай.

## **9. Комиссия құрамы**

9.1. Комиссия құрамы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК әдіскерлерінен, байқауға қатыспайтын «Салауатты тамақтану мектебі» жобасын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының тәжірибелі педагогтер қатарынан құралады.

Комиссия мүшелері ұсынылған материалдарды бағалауды байқаудың ұйымдастыру алқасы бекіткен критерийлерге сәйкес жүзеге асырады, жеңімпаздарды анықтайды (1,2,3 орын), жеңімпаздың жұмысын байқаудың республикалық кезеңіне жіберуді ұсынады.

## 10.Қатысушыларды марапаттау

10.1. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары (1, 2, 3 орын) Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК дипломдарымен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

10.2. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары республикалық кезеңге қатысуға жоладама алады, республикалық кезеңнің жеңімпаздары Мәскеу қаласында жыл сайынғы «Салауатты ұрпақ тәрбиелейміз» өңіраралық конференциясы шеңберінде халықаралық кезеңге қатысуға мүмкіндік алады.

10.3. Байқау жеңімпаздарының қатарына кірмеген қатысушыларға сертификаттар тапсырылады.

**«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын  
жүзеге асыру бойынша әдістемелер байқауына қатысуға  
Өтінім**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының атына  
жазылады

Педагогтің ТАЖ (толық) \_\_\_\_\_

«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасындағы жұмыс  
өтілі \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымының атауы \_\_\_\_\_

қатысушының эл. поштасы, телефон нөмірі \_\_\_\_\_

Жұмыстың атауы \_\_\_\_\_

Жұмыс бағытталған балалардың жасы \_\_\_\_\_

Қосымша материалдар (қатысушының қалауы бойынша)

Байқау шарттарымен танысуды растау:

Мен, \_\_\_\_\_, «Дұрыс тамақтану  
туралы әңгіме» бағдарламасын іске асыру әдістемелері байқауның  
қатысушысы \_\_\_\_\_

Байқау шарттарымен таныстым және олармен толық келісемін.

Байқауға қатысушының қолы \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /

Білім беру ұйымының басшысы

ТАЖ, қолы

**«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламаны іске асыру бойынша «Әдістемелер»  
байқауына жұмысты ұсыну нысаны мен құрылымы**

**Титул парағы**

Байқау жұмысының атауы	
Автордың (аты-жөні-толығымен)	
Мектептің-толық атауы	
Ұстаздың мекенжайы, электронды поштасы (тіркеу кезінде көрсетілген электронды поштамен сәйкес келеді)	
Оқушылардың жасы	
«Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасының пайдаланылатын бөлігі	

## 1 парақ

Автор қолданатын бағдарламаның бөлігі (мысалы, «екі апта» немесе «дұрыс тамақтану формуласы»)	
Автор қолданатын бағдарлама тақырыптары	
Байқауға ұсынылған жұмыс қай жастағы оқушыларға арналған	
байқау жұмысының ұйымдастыру нысанының (нысандарының) атауы- жоба, мереке, конкурс, ойын және т. б.	
Байқау жұмысы (сыныптан тыс жұмыс, оқу қызметі, мектептен тыс жұмыс) қайда жүзеге асырылды	
Қандай білім беру және тәрбие міндеттерін шешуге мүмкіндік береді	
Байқау жұмысының жаңалығы мен бірегейлігі неде	

## 2-12 парақ

Байқау жұмысының сипаттамасы-12 қаріп, 1,5 интервал арқылы.  
(іс-шараның немесе іс-шаралар жүйесінің мазмұны, іске асыру технологиясы:  
дайындау, орындау кезеңдері, қорытындылау)

## 13 парақ

Байқау жұмысына ата-аналардың қатысуы

## 14 парақ

Байқау жұмысының тиімділігін бағалау

## 15 парақ

Қандай қосымша ақпарат көздері пайдаланылды